

«№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК

жиналыс хаттамасы

Шымкент қаласы

12 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар: №1 Облыстық перинаталдық орталығының басшысы С.Джабагиева, басшынның орынбасарлары және дәрігерлер мен медициналық қызметкерлері.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне қатысты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңының нормаларын түсіндіру;

2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгі ережені» түсіндіру. *(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы).*

№1 Облыстық перинаталдық орталығының басшысы С.Джабагиева жиналысты ашып, күн тәртібіндегі нормативтік құқықтық актілерге түсінік беру мақсатында сөз кезегін №1 ОПО комплаенс-офицеріне А.Сергазиеваға ұсынды.

Бірінші мәселе бойынша: А.Сергазиева — «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларына қатысты негізгі нормаларын түсіндірді, соның ішінде:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;
- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау мәселелері бойынша кеңес беру;
- мүдделер қақтығысының алдын алу талаптарын орындауды қамтамасыз ету.

Түсіндіру барысында М. А. Успанова комплаенс-қызметтің күнделікті жұмысын ұйымдастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әдістемесі, сондай-ақ комплаенс-офицердің құзыретіне кіретін іс-шараларды өткізу тәртібі туралы сұрақтар қойды. Барлық сұрақтарға нақты және толық жауаптар берілді. Аталған Заң квазимемлекеттік сектор субъектілеріне комплаенс-офицер тағайындау және оның қызметін орындауына жағдай жасау міндетін жүктейтіні атап өтілді.

Бірінші мәселе бойынша шешім қабылданды:

1. Заң нормаларын түсіндіруді назарға алу.
2. Ақпаратты құрылымдық бөлімшелерге жеткізуді қамтамасыз ету.

Екінші мәселе бойынша: А.Сергазиева — Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгі ереженің негізгі қағидаларымен таныстырды.

Негізгі назар аударылған мәселелер:

- қызметтің құрылымы мен жұмыс тәртібі;
- комплаенс-офицердің құқықтары мен міндеттері;
- өзге бөлімшелермен өзара іс-қимыл тәртібі;
- есептілік пен ішкі құжат айналымына қойылатын талаптар;
- шешім қабылдаудағы дербестікті қамтамасыз ету.

Талқылау барысында Н. А. Жүсіпов ұйым ішіндегі комплаенс-қызметтің рөлі, тәжірибеде үлгілік ережені қолдану жолдары және оны ұйымның ішкі нормативтік актілеріне сәйкестендіру бойынша сұрақтар қойды. Ұсыныстар қатарында қызметкерлер үшін әдістемелік нұсқаулар әзірлеу және практикалық оқыту жүргізу қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша шешім қабылданды:

1. Ішкі құжаттарды әзірлеу және өзектендіру кезінде Үлгі ережедегі түсініктемелерді пайдалану.
2. Комплаенс-қызметпен өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлер үшін қосымша оқыту семинарын өткізу.

Төрағалық етуші

Жиналыс хатшысы



С.Джабагиева

А.Сергазиева